

Новокубанка селосының көшелерінің атауын өзгерту туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Новокубанка селолық округі әкімінің 2008 жылғы 27 наурыздағы N 5 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 10 сәуірде N 1-18-50 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылдың 23 қаңтарындағы Заңының 35 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылдың 8 желтоқсанындағы Заңының 14 бабының 4) тармағына және, Шортанды ауданының тілдер саясаты және онамастика жөніндегі комиссиясының 2007 жылғы 3 шілдедегі № 3 шешімі, Новокубанка селосы тұрғындарының 2007 жылғы 15 маусымдағы жиынының № 9 хаттамасыны сәйкес Новокубанка селолық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Шортанды ауданы Новокубанка селолық округі әкімінің 23.07.2015 № 10 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Новокубанка селосының төмендегі көшелерінің атаулары өзгертілсін:

Первомайская көшесі Абая көшесіне;
Советская көшесі Сәкен Сейфулин көшесіне;
Мира көшесі Бейбітшілік көшесіне;
Грейдерная көшесі Кенесары көшесіне.

2. Осы шешім Шортанды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған сәттен бастап қолданысқа кіреді.

Әкім

И.Смаилов

КЕЛІСІЛДІ:

Шортанды ауданының "Мәдениет және тілдер дамыту бөлімі" Мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Т.Бартош